

Қазақстан Республикасында май құю станцияларын ұстау мен пайдалану жөніндегі кәсіпкерлік қызметті лицензиялау туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 19 қыркүйек N 1352. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 Қаулысымен

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Z952200_ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында май құю станцияларын ұстау мен пайдалану жөніндегі кәсіпкерлік қызметті лицензиялау туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін және ол 1997 жылдың 1 қарашасынан бастап күшіне енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 P951894_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат):

аталған қаулыға 1-қосымшаға:

3-бағандағы, реттік нөмірі 3-жол мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"май құю станцияларын ұстау мен пайдалану";

3-бағандағы, реттік нөмірі 27-жолдан:

"май құю станцияларын ұстау мен пайдалану" деген сөздер алынып тасталсын;

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 9 қаңтардағы N 25 P970025_ қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 1, 7-құжат):

2-тармақтың төртінші абзацы алынып тасталсын.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, жергілікті атқарушы органдар өздерінің шешімдерін осы қаулыға сәйкестендірсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 19 қыркүйектегі
N 1352 қаулысымен

бекітілген

Май құю станцияларын ұстау және оларды пайдалану жөніндегі
кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияларды
берудің тәртібі мен шарттары туралы

ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Лицензия алушыға (лицензиатқа) Қазақстан Республикасында май құю станцияларын ұстау және пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияны беруді Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен оның аумақтық органдары (бұдан әрі - лицензиар) жүргізеді.

2. Меншік нысанына қарамастан жеке және заңды тұлғалардың мұнай өніміне , сұйық газға және сығылған газға деген сұранысын қанағаттандыру жолымен таза пайда алуға бағытталған стационарлық, контейнерлік және жылжымалы май құю станцияларын ұстау мен пайдалану жөніндегі бастамашы қызметі
лицензиялануға жатады.

3. Егер заңдарда өзгеше көзделмесе, май құю станцияларында жүзеге асырылатын көлік құралдарының тораптары мен агрегаттарының диагностикасы, шиналарды үрлеу және жел толтыру, доңғалақтарға балансировка жасау жөніндегі қызметтер және басқа да қызметтер лицензиялауға жатпайды.

4. Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғалары, шетелдік заңды тұлғалар, шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар және халықаралық ұйымдар лицензиялау субъектілері болып табылады.

II. Лицензияларды берудің шарттары мен тәртібі

5. Май құю станцияларын ұстауға және пайдалануға арналған лицензия, біліктілік деңгейі қызметтің осы түрі үшін қойылатын талаптарға сәйкес келетін азаматтар мен заңда тұлғаларға беріледі.

6. Іс-әрекет етудің өтініш жасалған аумақтық аясына байланысты лицензия Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына не оның аумағының белгілі бір бөлігіне қолданылуы мүмкін. Стационарлық және контейнерлік май құю станциялары бөлінген жер учаскелерінің шегінде орналасады, жылжымалы май құю станциялары қызметтің осы түрі үшін белгіленген тәртіппен, тыйым салынбаған аумақтардың шегінде орналасады.

Лицензия кемінде үш ай мерзімге беріледі. Жылжымалы май құю станцияларына арналған лицензияларды қолдану мерзімі бір жылдан аспайды. Стационарлық және контейнерлік май құю станцияларына арналған лицензиялардың қолданылу мерзімі шектелмейді.

Лицензия шетелдік заңды және жеке тұлғаларға, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғаларға секілді, салық есебіне дәл сондай жағдайларда және дәл сондай тәртіпте қойған соң беріледі.

7. Лицензиялық алымның, сондай-ақ лицензиялық органның пайдасына аударымдардың мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Лицензиялық алымды лицензиат лицензияны алғанға дейін енгізеді. Лицензиялық алымды төлеудің тәртібі салық заңдарымен айқындалады.

8. Лицензия қатаң есептілік құжаты болып табылады және басқа адамға берілуге жатпайды.

9. Лицензиат лицензияны жоғалтып алған жағдайда, лицензияланатын қызметті жалғастыру үшін 10 күн мерзімде тиісті дубликат беру туралы өтініш беруге міндетті. Дубликатты берудің тәртібін лицензиар айқындайды және лицензиялық алым сомасының 50 проценті мөлшерінде қосымша ақыға жүзеге асырылады.

III. Жауапкершілік және бақылау

10. Май құю станцияларын ұстау және пайдалану жөніндегі қызметпен лицензиясыз не лицензиялық нормалар мен ережелерді бұза отырып айналысу - заңдармен белгіленген жауапкершілікке алып барады.

11. Лицензиат Қазақстан Республикасының заңдары мен басқа да нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын, стационарлық, контейнерлік және жылжымалы май құю станцияларының қолданылып жүрген техникалық пайдалану ережелерін және өрт қауіпсіздігін, отын-май жағу материалдарын қабылдау, сақтау және босату ережелерін сақтауға міндетті.

12. Лицензиялауды талап ететін, қызметті лицензиясыз жүзеге асырудан алынған табыс уәкілетті мемлекеттік органның талап етуі бойынша алып қоюға жатады.

13. Лицензиаттың лицензиялау туралы заңдарды сақтауына бақылау жасауды лицензиар жүзеге асырады.

IV. Май құю станцияларын ұстау және пайдалану жөніндегі кәсіпкерлік қызметке қойылатын біліктілік талаптары

14. Лицензиат әрбір май құю станциясында мыналардың болуын қамтамасыз етуге тиіс:

отын-май жағу материалдары мен арнайы сұйықтың сапасының сертификаты;
есеп құжаты;

өлшеу жабдығының стандарттау жөніндегі мемлекеттік органдарда тексерілгені туралы құжаттың көшірмесі;
май құю станциясының жауапты адамының өрт қауіпсіздігі жөніндегі техникалық минимумды тапсырғандығын растайтын мемлекеттік өрт қадағалау органдарының берген құжаттың көшірмесі;
мемлекеттік экологиялық қадағалау органдары қорытындысының көшірмесі.

15. Стационарлық және контейнерлік май құю станциялары объектілерінің орналасуы жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес болуы тиіс.

16. Жылжымалы май құю станциялары босатылатын мұнай өнімдерін, сұйық және сығылған газды өлшеу құрылғыларымен жарақтандырылған, арнаулы жылжымалы құрамның базасында ғана ұйымдастыруы мүмкін.

17. Жылжымалы май құю станцияларына қызмет көрсететін адамның тиісті көлік құралының жүргізушісі ретіндегі жұмыс стажы кемінде 3 жыл болуы және қауіпті жүктерді тасымалдау үшін арнаулы әзірліктен өткені туралы куәлігі б о л у ы т и і с .

18. Май құю станцияларының қызметі көлік пен жаяу жүргіншілердің қалыпты қозғалысына, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың жұмыс істеуіне кедергі келтірмеуі тиіс.